

*Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ*

# **Бейнеленген дүние**





## Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ

Дәурен Мақсұтханұлы Мұхамеджанов, 1978 жылы 3 қазанда Семей облысының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Аякөз қаласында дүниеге келген.

1997-2000 жж. Алматы обл. Қаскелең мәдениет колледжінде оқып, үздік диплом және 1999-2000 жж. Қарасай ауданы Алмалыбақ гимназиясында дизайнер-безендіруші мамандығын қосымша иеленді.

2000-2004 жж. Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында оқып, «суретші-мүсінші» мамандығын алды. Дәуренге өнердің киелі қара шаңырағында Қазақстан бейнелеу өнерінің жарық жұлдыздары дәріс берді: қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х.И. Наурызбаев, Т.С.

Досмағамбетов, Е.А. Сергебаев, Е.Т. Мергенов және басқалары.

2003 жылы Ресейдің И. Репин атындағы Санкт-Петербург Көркемсурет академиясында өндірістік іс-тәжірибеден (біліктілікті арттыру) өтті. 2009-2011 жж. М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінде оқып, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығын алды.

Еңбек жолын 1995-1997 жылдары ШҚО, Аякөз ауданы Ақтүбек ауылдық әкімдігінде суретші-көркемдеуші болып қызмет етуден бастады. 2004-05 жж. Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА Көрме залы мен Әдісқорының меңгерушісі, Қаз ҰӨА Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы болып қызмет атқарды.

Дәурен Мұхамеджанов 2006-2011 жж. Алматы қалалық әкімдігінде қызмет етті. Ол Алматы қаласы әкімдігі Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының жетекші маманынан Қор директоры лауазымына дейін көтерілді.

2007-08 жж. «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ АҚФ хатшысының бірінші орынбасары болды. 2011 жылы «Астана-Алматы - 2011» 7-ші Қысқы Азия Ойындарында Алматы қалалық Еріктілер шұғыл штабы төрағасының орынбасары, содан соң «2011 жылғы Қысқы Азия Ойындары дирекциясы» МКҚК директорының орынбасары болып қызмет етті.

2011 жылдан «Ақ жол» ҚДП атынан партиялық тізім бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат болды. 2011-13 «Ақ жол» ҚДП АҚФ төрағасының орынбасары, «Ақ жол» ҚДП Орталық Кеңесінің мүшесі болды.

2012-13 «Қазақстан» РТРК» АҚ АБД Алматы бюросының жетекшісі болып қызмет етті. Бүгінде «Алматы-Көркем» жарнамалық-өндірістік компаниясында креативті дизайнер, аудармашы, «КазПотребНадзор» ҚБ Жемқорлыққа қарсы күрес комитеті төрағасының орынбасары.

2012 жылдан бастап Еуразиялық Дизайнерлер Одағының толық мүшесі болып қабылданды.

Осы уақытқа дейінгі қоғамдық қызметі үшін бірнеше Алғыс хаттарға ие болды. 2010 жылы «Бейнелеу өнері» аталымы бойынша Қазақстан Жастар Одағының «Серпер» сыйлығын және 2011 жылы, қысқы Азияданы өткізуге сіңірген еңбегі үшін Азия Олимпиадалық комитетінің (АОК) Президенті Шейх Ахмад әл-Фахад әл-Сабахтың сертификатын арнайы медалімен иеленді.

Дәурен 2000 жылдан бастап халықаралық, республикалық, жергілікті көрмелерге тұрақты қатысып келеді. Бос уақытында шығармашылыққа беріліп, мақалалар жазады және олары «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Жас Алаш», «Өнер отауы» газеттерінде, [www.didar-com.kz](http://www.didar-com.kz), [www.shyn.kz](http://www.shyn.kz), [www.ult.kz](http://www.ult.kz) сайттарында және т.б. жарияланып тұрады. Сонымен қатар, өнер саласында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. Осы уақытқа дейін бейнелеу өнері саласында 20 астам ғылыми-танымдық жарияланымдары жарық көрді.

«Қазақстан - әлемдік қауымдастықта», «Алматы – жастар қаласы» жинақ кітаптарының бас редакторы болды.

E-mail: [dauryatm@mail.ru](mailto:dauryatm@mail.ru)



ISBN 978-601-06-2699-7



9 786010 626997